

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМЫТУ ИНСТИТУТЫ



«Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту» әдістемелік ұсынымдар

Методические рекомендации «Вовлечение родителей в воспитательно-образовательный процесс организаций дошкольного образования»

Астана 2023

*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Балаларды ерте дамыту институты базасында әзірленген*

«Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту» әдістемелік ұсынымдар: Әдістемелік ұсынымдар. – Астана, 2023. – 50 бет.

Пікір жазғандар:

С.Н.Жиенбаева п.ғ.д. профессор;

Қ.Қ.Қарақұлова, меңгеруші;

А.М. Сейтжаппарова әдіскер.

Әдістемелік ұсынымдарда мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту бойынша ұсынымдар қарастырылады.

Бұл Әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне ұсынылады.

Әдістемелік ұсынымдар «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, 2023 жылғы 29 наурыздағы №3 хаттамалық шешіміне сәйкес ұсынылған.

Балаларды ерте дамыту институты, 2023 жыл

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту тәрбиелеу процесін жүзеге асыруда қажетті іс-әрекет болып табылады.

Қазіргі кезеңде тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара іс-қимылға, ынтымақтастыққа, оларды мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиелеу-білім беру процесіне тартуға ерекше мән берілуде.

Көптеген жылдар бойы мектепке дейінгі ұйымдардың отбасымен өзара қарым-қатынасына, ата-аналарды тәрбиелеу-білім беру процесіне тартуға аса назар аударылмады, балаларды тәрбиелеу және оқыту, дамыту бойынша барлық мәселелерді мектепке дейінгі ұйымдардың өздері шешті. Осы қағида мектепке дейінгі білім беру саласындағы реформа арқылы өзгерді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында [1], Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінде [2] қажетті өзгерістер бағыты айқындалды.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту бойынша ата-аналармен ынтымақтастық нысандары кеңейді, мемлекет пен қоғам тарапынан отбасына деген қарым-қатынас, өзара іс-қимылдың мазмұны мен нысаны өзгерді, әртүрлі терминдер қолданылды.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінде «баланы толыққанды дамыту» ұғымына – «...қимыл белсенділігіне жағдай жасау, пайдалы және құнарлы тамақтандыру, достық қарым-қатынас орнату және дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етілетін баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігі» деген түсінік беріледі [2, 2-б].

Мектепке дейінгі ұйым бұл алғашқы әлеуметтік институт болып табылады, ата-аналардың байланыс орнататын, педагогикалық ағарту мен білімі басталатын алғашқы тәрбиелеу-білім беру ұйымы.

Әдістемелік ұсынымдарда ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру процесіне тартудың теориялық негіздері, сондай-ақ ата-аналардың балабақшамен өзара іс-қимыл тәжірибесі қарастырылады.

Бұл материал мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері үшін әдістемелік құрал және ұсынымдар болып табылады.

КІРІСПЕ

Қазіргі қоғамда мектепке дейінгі білім беру ұйымы мен отбасының өздеріне тән ерекше қызметтері мен өз орны бар. Алғашқы педагогтер ата-аналар болып табылады. Олар балалық шақта баланың жеке басының адамгершілік, физикалық және зияткерлік дамуының негізін құруы тиіс. Мектеп жасына дейінгі баланың толыққанды, жеке дамуы үшін ересектермен үнемі бірлескен іс-әрекет қажет, ол тек отбасының баланың білім алуына қатысқанда ғана мүмкін болады. Отбасы осы қызметте белгілі бір орны бар тәрбиелеу - білім беру іс-әрекетіне жеке-тұлғалық қатысы бар субъектіге айналады.

Педагогтер мен ата-аналар ынтымақтастығының негізгі тәсілдерінің бірі бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыру, оны жүзеге асыру кезінде ата-аналар мектепке дейінгі ұйымның қызметіне қатысады және тәрбиелеу-білім беру процесінің белсенді қатысушы бола алады.

Субъектілердің өзара іс-әрекеті табысқа қол жеткізудің белгісі болып табылады, ол мақсаттардың сәйкестігімен, өзара іс-қимылға қатысушылар арасында рөлдер мен қызметтердің бөлінуімен сипатталады [3].

Мектепке дейінгі білім беру ұйымының басшылығы мен педагогикалық ұжымы мектепке дейінгі білім беру ұйымдары мен отбасының өзара іс-қимылының бастамашысы болуы тиіс, ол үшін «педагог – бала – ата-ана» жүйесінде қарым-қатынас жүйесін құру үшін психологиялық-педагогикалық технологияларды меңгеру қажет [4].

«Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту» әдістемелік ұсынымдарының өзектілігі : «Тәрбиелеу мен дамыту ерте балалық шақтан басталады, бұл ғылыми тұжырымдармен дәлелденген. Балаларды тәрбиелеуде отбасындағы жайлы жағдай, ата-аналардың моральдық қасиеттері зор маңызға ие. Сондықтан балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру қажет»-деген тұжырымдармен айқындалған [2,7].

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты ата-аналардың баланың даму процесіне тарту мен қызығушылығын арттыру бойынша педагогтерге әдістемелік көмек көрсету.

Міндеттері: мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту бойынша негізгі тәсілдерді ашу; балабақшалардың тәрбиелеу -білім беру процесіне ата-аналардың қатысу мүмкіндіктерін айқындау; мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиелеу -білім беру процесіне ата-аналарды тарту бағыттары мен нысандарын сипаттау болып табылады.

Жұмыстың мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту бағыты мектепке дейінгі білім беру ұйымы ұжымы тарапынан ерекше дайындықты, сондай-ақ ата-аналардың балаларымен бірге педагогтерден үйренуге, педагогтермен бірге балаларын үйретуге деген ұмтылысын талап етеді.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ТӘРБИЕЛЕУ - БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНЕ АТА-АНАЛАРДЫ ТАРТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Мектепке дейінгі ұйым мен отбасы баланы ерте жастан әлеуметтендірудің екі маңызды институты болып табылады. Олардың тәрбиелеу қызметтері әртүрлі, бірақ мектепке дейінгі ұйым мен отбасының өзара әрекеті баланың жан-жақты дамуы үшін маңызды. Бала үшін отбасылық тәрбиеге басымдық беріледі, бірақ ата-аналар әрдайым дұрыс әрекет ете бермейді, сондықтан ата-аналар мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиелеу-білім беру процестеріне қатысуы тиіс.

Ата-аналарға балабақшадағы тәрбиелеу- білім беру процесінің белсенді қатысушылары болуға мүмкіндік беретін қолайлы жағдайлар жасау қажет.

Іс-қимыл үшін тұлғаның қарым –қатынас жасауына негіз болып табылатын, ата-аналар мен педагогтердің өзара іс-қимыл нәтижесінде белгілі бір қарым-қатынастар пайда болады. Мақсаттары, қызығушылықтары келісілгенде, өзара іс-қимыл субъектілерінің мінез-құлқы бірге қабылданғанда тәрбиелеу- білім беру қызметіне бірге белсенді қатысуы жүзеге асады.

Қатысу ұғымы әр түрлі мағынада түсіндіріледі, бірақ сонымен бірге осындай көрсеткіштердің: өзара іс- әрекет субъектілерінің жеке таңдауы (П.Л.Ландсберг), іс-әрекетке жоғары мотивация (А.Н.Леонтьев), іс-әрекетке шығармашылық тәсіл (Н. А. Бердяев) қатысуымен көрінетін жалпы заңдылық байқалады [5].

Мектепке дейінгі білім беру педагогтерімен ата-аналардың бірігіп іс - әрекетке және тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысуы педагогтер мен ата-аналардың өзара іс-қимылының ең жоғары деңгейі болып табылады.

В.А. Сухомлинский өз еңбектерінде отбасылық және қоғамдық тәрбиенің өзара іс-қимыл туралы идеяларын дамыты. Онда: «мектеп жасына дейінгі бала өзін, басқа адамдарды ата-анасының әрекеттері арқылы отбасымен айқындайды. Сондықтан да егер мектеп отбасымен байланыста болса, егер тәрбиешілер мен ата-аналар арасында сенім мен ынтымақтастық қарым-қатынас орнатылса, тәрбиенің міндеттерін табысты шешуге болады» -деп атап көрсеткен [6, 211-бет]. Сонымен қатар отбасы мен қоғамдық тәрбиенің өзара іс-қимыл идеясын дамытты.

Тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысушылар (педагогтер, ата-аналар) арасындағы өзара іс-қимыл барысында олардың сипаттамаларымен әртүрлі байланыстар пайда болады (1-кестеде көрсетілгендей):

- ақпараттық;
- ұйымдастырушылық-әрекеттік;
- коммуникативті;
- басқару және өзін-өзі басқару.

1-кесте Тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысушылар арасындағы байланыс

№	Байланыс түрлері	Байланыстар сипаты
1	Ақпараттық	<p><i>Ақпараттық байланыстар</i> ата-аналар мен педагог арасындағы ақпарат алмасумен сипатталады.</p> <p>Педагог тарапынан ата-аналар әрқашан біле бермейтін нәрселердің құрдастарымен күнделікті қарым-қатынас кезінде ететін жағымды немесе жағымсыз қасиеттері туралы ата-аналарға ақпарат таратылуы мүмкін. Педагог бала тәрбиелеу мен білім беру туралы ата-аналарға пайдалы және қызықты ақпарат ұсынуы мүмкін.</p> <p>Ата-аналар өз тарапынан тәрбиешіні бала тәрбиесіндегі нәтижелермен, жетістіктермен немесе отбасылық мәселелермен бөлісе алады.</p> <p>Педагог тарапынан ақпараттар топтамасы белгіленгеннен кейін диалогтың сенімділігіне ғана қол жеткізуге болады. Ата-аналар ақпаратпен жауап беру кезінде тәрбиеші ата-аналармен өзін-өзі қарым-қатынасты қолдап, ата-аналарға белсенді рөлді ойнай алады.</p> <p>Педагог пен ата-аналар ақпарат алмасқаннан кейін баланың даму бағытын бірге зерттей алады, белгілі бір балабақшада жалпы тәрбиелеу бағдарламасын құра бастайды.</p>
2	Ұйымдастырушылық-әрекеттік	<p><i>Ұйымдастырушылық-әрекеттік</i> байланыстар тәрбиешілер тарапынан олардың мақсаттарына жетуді қамтамасыз ететін тәрбиелеу құралдарын пайдалану әдістерін білетін кәсіби мамандар арқылы көрінеді.</p> <p>Құралдар мен әдістер тәрбиелеу жағдаятарының шарттарына байланысты таңдалады және оларды пайдалану кезінде нысандарға айналады, онда ата-аналар педагогикалық қолдау тік жағдайында болуға мүмкіндік алады.</p> <p>Ынтымақтастық үшін педагогтер негіз жасайды.</p> <p>Педагог пен ата-ана арасындағы ұйымдастырушылық-әрекеттік байланыстарын құру шеңберінде, педагог мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспарына сәйкес ұйымдастырылған іс-шараларды, сондай-ақ мерекелерді ұйымдастыруға және өткізуге ата-аналарға қатысуға мүмкіндік беруі керек.</p>
3	Коммуникативті	<p><i>Коммуникативті байланыстарды</i> орнатуда педагогке басшы рөл беріледі. Педагогтің психология, дау-жанжалдарды шешу, қарым-қатынас орнату әдістері туралы білімі ата-аналармен байланыс орнатуда негізгі рөл атқарады.</p> <p>Ата-аналардың байланысқа шығуға, сындарлы диалогқа қатысуға, тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысуға және бірлескен тәрбиелеу түрлеріне қатысуға деген ұмтылысы мектепке дейінгі ұйымның бастамашылық еткен қарым-қатынасының жалғасы болып табылады.</p>
4	Басқару және өзін-өзі басқару	<p><i>Басқару және өзін-өзі басқару</i> мектепке дейінгі ұйым тарапынан өзара іс-қимыл жүйесін құруды, ата-аналардың осы өзара іс-қимыл жүйесін ұйымдастыруға және іске асыруға қатысуын білдіреді.</p>

	Әрбір мектепке дейінгі білім беру ұйымы баланы тәрбиелеп қоймай, ата-аналарға бала тәрбиесі туралы кеңес береді. Мектепке дейінгі ұйым педагогтері балалардың мәселелері ғана емес, сонымен қатар ата-аналардың балаларды тәрбиелеу бойынша серіктестері болып табылады.
--	--

Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту ата-аналардың белгілі бір эмоционалды-тұлғалық сипаттамаларына және мектепке дейінгі білім беру педагогының кәсіби әдебіне байланысты әртүрлі тәсілдерді қажет етеді (2-кесте) :

- жүйелі тәсіл;
- іс-әрекеттік тәсіл (А.Н. Леонтьев);
- диалогтік тәсіл (Ж.К. Исаев [7]).

2-кесте – Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу -білім беру процесінің барлық қатысушыларының қатысуын қалыптастыру тәсілдері

№	Тәсілдер түрлері	Тәсілдер сипаттамалары
1	Жүйелі	<p>Мектепке дейінгі білім беру ұйымының ата-аналармен өзара іс-қимылы және ата – аналардың тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысуы контекстіндегі жүйелі тәсіл, дербес компоненттерді – мақсаттарды, субъектілерді, мазмұнды, әдістерді, нысандарды, педагогтер мен ата-аналардың өзара іс-қимыл процесінің құралдарын өзара байланысты элементтердің жиынтығы ретінде қарастыруды қамтиды.</p> <p>Педагогтер мен ата-аналардың өзара іс-қимылында жүйелі тәсілді жүзеге асырған кезде тәрбиелеу- білім беру процесі бірыңғай құрылым шеңберінде іске асырылады.</p>
2	Іс-әрекеттік тәсіл	<p>Адамның белгілі бір қасиеттерінің қалыптасуы іс-әрекет арқылы жүреді. Бұл жағдайда тек осы іс-әрекетке сұранысқа ие қасиеттер қалыптасады. Тек іс-әрекет адамның мәдениетті, таным тәсілдерін және әлемді қайта өзгерту тәсілдерін меңгеруіне ықпал етеді (А.Н.Леонтьев).</p> <p>Тиісінше іс-әрекет арқылы диалогтік, эмоцияға толы қарым-қатынастар қалыптасады; ата-аналарды ойын, шығармашылық, тәрбиелеу мен білім беру қызметіне тарту арқылы баланың бірлескен іс-әрекетінің субъектісі ретінде өзінің тәрбиелік мүмкіндіктерін, жеке коммуникативті қасиеттерін, толыққанды дамуын жүзеге асыру және дамыту мүмкіндіктері ашылады.</p> <p>Педагогтер мен ата-аналар өздерін сезініп, таным мен қарым-қатынас субъектілері тұрғысынан әрекет ете бастайды, бұл тәсілді жүзеге асыру үшін педагогтер мен ата-аналардың өзара іс-қимылы бойынша арнайы жұмыс талап етіледі.</p>
3	Диалогтік	<p>Педагогтер мен ата-аналардың өзара іс-қимылы үшін <i>диалогтік тәсіл</i> шеңберінде жаңа мүмкіндіктер ашылады.</p> <p>Өзара іс-қимылды жүзеге асырудағы диалогтік тәсіл педагогтер мен ата-аналардың диалогтық ұстанымының болуын болжайды, бұл педагогтер мен ата-аналардың жеке қызметін өзектендіреді, құндылықты таңдауға, сыни қабылдауға және туындаған мәселелердің шығармашылық шешімін іздеуге ықпал етеді.</p> <p>Ата-аналар мен мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің өзара іс-қимылын ұйымдастырудағы диалог нақты білімді, біліктер мен дағдыларды меңгеруге көмектеседі, ақпарат алмасу танымдық іс-</p>

		<p>әрекетке ықпал етеді.</p> <p>Өзара іс-қимылдың диалогтік тәсілі кезінде педагогтер мен ата-аналар арасындағы тең құқылы серіктестік қарым-қатынас, балаларды тәрбиелеуде туындаған проблемаларды шешудің алқалы тәсілдерін іздеу; диалогта әр тараптың жеке қасиеттерін түсінуге негізделген өзара іс-қимылдың ерекше психологиялық негізі; өзара іс-қимылдың табыстылығының белгілі бір критерийлері (барлық қатысушылардың жағымды эмоционалды көңіл-күйі; өзара тәрбиелеу мен оқытуда мазмұнға, нысандарға және т.б. қойылатын талаптарды таңдау маңызын сезіну) тән.</p>
--	--	---

Бұл тәсілдер мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында педагогтер мен ата-аналардың өзара іс-қимылының белгілі бір мақсатты, когнитивті, іс-әрекеттік құрылымдық компоненттерінің болуын, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиелеу -білім беру процесіне ата-аналарды тартуды айқындайды (3-кесте).

3-кесте –Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиелеу -білім беру процесіне ата-аналарды тарту компоненттері

№	Компоненттер	Сипаттама
	Мақсатты	<ul style="list-style-type: none"> – баланың толыққанды дамуы мәселелеріндегі педагогтер мен ата-аналардың бірлігі әлеуметтік маңызды мақсатқа қол жеткізуге негіз болып талпынушылық ; – қарым-қатынастың коммуникативті мәдениетіне негізделген өзара іс-қимылға ықпал етушіліктеріне сәйкес атмосфера құруға ұмтылудағы педагогтер мен ата-аналардың өзара іс-қимыл бағыты.
	Когнитивті	<p>–өзара іс-қимыл әдістері мен тәсілдерін қолдану, қызметтерді бірлескен басшылықтың құрылымы туралы ата-аналардың білім немесе педагогтердің білімінің болуы</p> <p>Іс-әрекет;</p> <ul style="list-style-type: none"> - мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу саласындағы ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі; - педагогтермен және мектепке дейінгі ұйым балаларымен бірлескен іс-әрекет шеңберінде алынған тәжірибе; - іскерлік ынтымақтастық тәжірибесі және бірлескен іс-әрекеттер жауапкершілік.
	Іс-әрекет	– мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту бойынша бірлескен іс-әрекет.

Осылайша, бірыңғай процеске қатысушылардың өзара іс-қимылының әртүрлі нысандарын пайдалану мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиелеу- білім беру процесіне ата-аналардың белсенді қатысуына ықпал ететін болады.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ПЕДАГОГТЕР МЕН АТА-АНАЛАРДЫҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІ

Ата-аналармен жұмысты әртүрлі нысандар арқылы іске асыру ұсынылады. Тәрбиеленушілердің ата – аналарымен (заңды өкілдерімен) қарым-қатынастың дәстүрлі және дәстүрлі емес нысандары бар, олардың міндеті - ата-аналарды педагогикалық біліммен байыту болып табылады. Дәстүрлі нысандар ұжымдық, жеке және көрнекі-ақпараттық болып бөлінеді.

Ұжымдық нысандарға топтық ата-аналар жиналыстары, конференциялар, «Дөңгелек үстелдер», тренингтер және т.б. кіреді. Ата-аналардың қалауларын ескере отырып, күн тәртібі әртүрлі құрылуы мүмкін. Мысалы, ұсынылатын тақырыптар: «Сіз балаңызды жақсы білесіз бе», «Балаларды тыңдай білуге үйрету» «Педагогикалық ықпал ету әдістері» және т.б. Дәстүрлі түрде күн тәртібі баяндама оқуды қамтиды, бірақ одан бас тартып, ата-аналарды белсендіру әдістерін қолдана отырып диалог жүргізген абзал. Педагогтер ата-аналармен жұмысты тек ойын-сауық ретінде өткізбеуі тиіс: кейбіреулері ата-аналармен шәй ішу, ойындар өткізу керек деп санайды. Бұл жағдайда педагогикалық мазмұн мәнін жояды. Жұмыстың әртүрлі нысандарын біріктірген жөн, мысалы, ойын-сауық шараларын өткізгеннен кейін ата-аналармен әңгімелесуге және жиналыстар ұйымдастыруға болады, олардың барысында балаларды тәрбиелеу мәселелерін талқылау ұсынылады.

Жеке нысандарға ата-аналармен әңгімелесу жатады, бұл отбасымен байланыс орнатудың қолжетімді нысандарының бірі. Әңгімелесу жеке нысан ретінде болуы және басқа нысандармен бірге қолданылуы мүмкін, мысалы, оны жиналысқа қосуға болады. Әңгімелесудің мақсаты – белгілі бір мәселе бойынша пікір алмасу; оның ерекшелігі-тәрбиеші мен ата-ананың белсенді қатысуы. Әңгімелесуге қажеттілік ата-аналар мен тәрбиешінің бастамасымен туындауы мүмкін. Педагог ата-аналарға қандай сұрақтар қоятынын ойластырады, тақырыпты хабарлайды және оларға өздері жауап алғысы келетін сұрақтар дайындауды айтады. Әңгімелесу нәтижесінде ата-аналар мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту мәселелері бойынша ақпарат алуы тиіс.

Жеке топты көрнекі-ақпараттық әдістер құрайды. Олар арқылы ата-аналарды балаларды тәрбиелеу жағдайларымен, міндеттерімен, мазмұнымен және әдістерімен таныстырады, балабақшаның рөлі туралы үстіртін пайымдауды еңсеруге ықпал етеді, отбасына практикалық көмек көрсетеді. Оларға: балалармен әңгімелесуді аудиоға, балалар әрекетінің түрлерін, режимдік сәттерді ұйымдастырудың бейнефрагменттерін жазып алу; фотосуреттер, балалар жұмыстарының көрмелері, стендтер, жылжымалы папкалар жатады.

Мектепке дейінгі ұйымда ата-аналармен жұмысты іске асыру үшін ата-аналар жиналыстарының жаңа форматтарын пайдалануға болады: тренингтер (1-қосымша), проблема бойынша пікірталастар, семинарлар, «ауызша журналдар», «игі істер күндері», педагогикалық қонақ бөлмелері, сұрақ-жауап кештері, «ток-шоу» (2-қосымша), конференциялар, ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен

режимдік сәттердің бейнежазбаларын қарау, содан кейін талқылау және басқа да дәстүрлі емес қарым-қатынас нысандары ұсынылады. Олар ата-аналармен бейресми байланыс орнатуға, олардың назарын мектепке дейінгі ұйымға аударуға бағытталған болуы тиіс, ата-аналар өз баласын жақсы білуі керек, оны басқа, өзі үшін таныс емес жағынан көруі тиіс, педагогтермен өзара қарым-қатынаста болуы қажет.

Мектеп жасына дейінгі ересек балалардың ата-аналары үшін белсенді етудің интерактивті әдістерін қолдану, сұхбаттасу, талқыланатын проблеманы рейтингтік бағалау, әрқилы бірнеше көзқарасты талқылау ұсынылады.

<https://youtu.be/LidRFUGE5AU>

<https://youtu.be/E4XUD02fBdc>

Сондай-ақ, ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру процесіне тарту үшін «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі», «Әжелер мектебі» жұмысын ұйымдастыруға болады.

<https://youtu.be/mV1F3eetSpA>

<https://youtu.be/8hJbZ0pIhCE>

<https://youtu.be/S-EAD-wDgbg>

Мектепке ұйымның педагогтеріне тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту бойынша ұсынымдар:

1) ұйымдастырылған іс-әрекеттің әртүрлі кезеңдерінде ата-аналармен өзара әрекетті ұйымдастыру:

2) тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды бақылаушыдан ұйымдастырушыға және жүргізушіге дейін біртіндеп тарту ұсынылады;

3) педагогтер ата-аналарға мектеп жасына дейінгі балалармен ынтымақтастықтың педагогикалық тәсілдерін меңгеруге көмектесу қажет;

4) өзара әрекет нысандары әр түрлі болуы мүмкін, ең бастысы-ата-аналар балаларды тәрбиелеу мен оқытуда өздерін ешкім алмастыра алмайтынын сезінуі;

5) педагогтер өзара әрекет нысандарын таңдау кезінде тәрбиеленушілердің ата-аналарының таланттарын барынша пайдалануы қажет.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі қоғамның талабына сәйкес мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының білім беру процесіне ата-аналарды тарту бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу құндылық бағдарлары мен адамгершілік мұраттарының өзгеруіне байланысты. Бұл педагог - бала -ата-ана сияқты салаға да әсер етті.

Мектепке дейінгі ұйымдардың ата-аналармен өзара ынтымақтастығы, ата-аналарды білім беру процесіне белсенді түрде тарту маңызды, себебі көптеген мамандар жеке тұлғаны дамытуда және қоршаған ортамен үйлесімді өзара іс-қимылды қалыптастыруда мектепке дейінгі жас ең қолайлы деп санайды.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту бойынша әдістемелік ұсынымдар педагогтер мен ата-аналардың балабақшаның ата-аналармен өзара іс-қимыл нысандарына, педагогтердің, тәрбиеленушілердің және олардың ата-аналарының бірлескен іс-әрекеті мен қарым-қатынасын ұйымдастыру тәсілдеріне назар аударуға арналған.

Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу- білім беру процесіне ата-аналарды тарту балаларды, педагогтерді ата-аналарды және бір командаға біріктіруге, олардың арасында сенімді қарым-қатынас орнатуға, мейрімділікке, жанашырлыққа, бір-біріне көмектесуге тәрбиелейді.

Бұл әдістемелік ұсынымдар педагогтерге ата-аналардың баланың даму процесіне қызығушылығын арттыруға және мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тартудың негізгі тәсілдерін ашуға, ата-аналардың тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысу мүмкіндіктері мен түрлерін айқындау бойынша әдістемелік көмек көрсетуге арналған.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиелеу - білім беру процесіне ата-аналарды тарту балаларды тәрбиелеу және дамыту бойынша бірігіп жұмыс атқаруды, ата-аналарды білім беру және тәрбиелеу мәселелерінде психологиялық-педагогикалық қолдауды, ата-аналардың денсаулық сақтау саласындағы құзыреттілігін арттыруды, ата-аналардың педагогикалық білім кеңейтуді, ынтымақтастық тәжірибесі мен біріккен іс-қимыл үшін жауапкершілікті көздейді.

«Ата-ана, балабақша, мектеп...» Тренинг

Қызылорда қаласы,
«Алпамыс бөбекжай бақшасының
әдіскері Сейтжаппарова Алима Мерекеевна

Мақсаты: Ата – ана мен балабақша арасында қарым-қатынасты нығайту, жағымсыз көңіл-күйден арылу, бірлесіп жұмыс жасауға баулу, өзін еркін сезінуге көмектесу. Ата - аналардың өзара қарым - қатынасын жақсарту.

Тренингтің міндеттері:

Білімділік: Қатысушылардың өз ойларын ашық жеткізіп, бір-бірінің пікірін құрметтеуге, сеніммен қарауға бейімдеу.

Дамытушылық: Тұлғаның өзін ортада көрсете білуі, өзін бағалай алуға түрлі психологиялық жағдайлардан шығу және өз пікірін ашық айтуға ықпал жасау.

Тәрбиелік: жеке тұлғаның рухани өсуіне психологиялық жағдай жасай отырып, адамгершілік, сыйластық, әдептілік, шынайылық, адалдық, құндылықтарын ұғынуға көмектеседі.

Қатысушылар: Ата-аналар, балалар.

Жұмыс түрі: Топтық жұмыс.

Өтілу барысы:

1. Амандасу, танысу жаттығуы.
2. «Көрікті ағаш»
3. «Балаңызға деген сүйіспеншілік» ойыны
4. Жақсы көңіл-күйдің суретін саламыз.
5. Тыныштық сәті.
6. Тренингті қорытындылау, бағалау.

Тренингтің ережелері:

1. Әр қатысушы ойын ашық айтуы керек.
2. Өзгелердің пікірін құрметтеуі керек.
3. Белсенді әрекет ету қажет.
4. Шынайылық.
5. Топтасып жұмыс жасау.

Барысы:

Құрметті ата-аналар! Бүгінгі «Ата-ана, балабақша, мектеп...» тақырыбындағы тренингке қош келдіңіздер! Әр үстел басында тұрған түрлі түсті шарларды таңдау арқылы орнымызға жайғасамыз.

1. Амандасу, танысу жаттығуы. Үстел үстінде тұрған шарды жарып, ішінде қағазға жазылған іс-әрекет арқылы сәлемдесіп, өздерін таныстырады.

Жаттығу барысы:

1. Ең алдымен оң жақтағы сосын сол жақтағы көршімізбен құшақтасамыз, барлығымен қол алысып амандасамыз.

2. Оң жақтағы, сол жақтағы көршімізге бір көзімізді қысып, қалған қатысушыларға сәлеметсіздерме? деп амандасып бір жымып қоямыз.

3. Көңілді күліп тұрып сәлемдесіп, көршіңізден көңіл-күйінің қандай екенін сұрап қойыңыз.

4. Баршаңызға сәлем деп, екі қолды жоғары көтеріңіз.

Тәрбиеші: Керемет, баршаңызға рахмет, сәлемдеріңізді алып, таныс болдық.

Біздің мақсатымыз – балаларымызбен қарым-қатынастарды жақсартып бала тәрбиесіне көңіл бөлу. Ата-ананың тілегі-баласының жақсы адам болуы, еңбексүйгіштігі, оқу мен еңбектегі табыстары.

Баланы жастан бақпасаң,

Жамандықтан қақпасаң,

Қадірден жұрдай қасқа боп,

Кешкенің өмір босқа тек,- дегендей, баланың ыстық суығына күймейтін, жақсылығына сүйінбейтін ата-ана жоқ шығар. Баланың ең бірінші ұстазы — ата-анасы. Балабақшаға келер алдында бала отбасында тәрбиеленеді. Отбасы деген не? Отбасы адам баласының алтын дінгегі. Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады.

Отбасы – шағын мемлекет әр мемлекеттің өзіне тән өндіріс, өнім, сыртқы және ішкі саясаты, кіріс – шығыс бюджеті, тәртібі, заңы болады. Олай болса жұмысымызды амандасу, танысу жаттығуымен бастаймыз.

Ендігі екінші тренинг «Көрікті ағаш»деп аталады.

2. «Көрікті ағаш» «Табиғатсыз адамдардың күні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ» демекші адам табиғатпен тығыз байланысты табиғаттағы ең маңызды нәрсе ағаш, енді сол ағаштың несі болар едіңіз тамыры ма, әлде діні ме, әлде жапырағы ма? Әркім өз қалауы бойынша тамыр, жапырақ, діні болып бөлінеді. Ал енді ата – аналар, сіздер не үшін тамырды таңдадыңыздар, сіздер не үшін дінін таңдадыңыздар, сіздер не үшін жапырақ таңдадыңыздар соны әр адам өз ойымен айтып беріңіздер. (әр топтың сөзі тыңдалып, қошеметпен шапалақ ұрылып отырады).

Сіздердің бұл таңдауларыңыз кездейсоқтық емес, психологиялық сәйкестік. Тамыр таңдағандар істің нәтижесіне мән беретін адамдар. Дінгекті таңдағандар берік, мықты біреуге тірек бола алатын адамдар. Жапырақ таңдағандар сұлулықты, әсемдікті, ұқыптылықты қалайтындар. Енді ата - аналар мына үлкен қағазға тамырды, дінгекті, жапырақты салып, бейнелейміз.



(Музыкалық сүйемел, плакат, түрлі түсті бояу.)



Осы ағаштың тамыры – ата - ана, діңгегі - тәрбиеші, жапырағы – балаларымыз. Егер тамырдан нәр алып, діңгегі мықты болып, бұтағы жапырағын жайса ағашымыз мол жемісін береді. Енді мына себеттен алмаларды алып, өз балаларыңызға тілек жазып, ағаштың жемісін балаларымыз іліп берсін. (музыкалық сүйемелдеу, тілек жазу)

Жарайсыздар, өте тамаша.

Балаларымызға арнап жазған тілектеріміз қабыл болсын!

Келесі біздің ойынымыз

3. «Балаңызға деген сүйіспеншілік» ойыны. Ата –аналарға жүрекшелер таратылады. Өз балаңыздың қандай болғанын қалайсыз? Қандай қабілеттері болғанын және сіз өзіңізден қандай қасиетті алғанын қалайсыз? Әрқайсыларыңыздың қолдарыңызда жүрекше бар, сол жүректің ішіне өздеріңіздің ойларыңызды жазып айтып шығуларыңыз керек. Қорыта айтқанда ата-ананың махаббаты, сүйіспеншілігі бала үшін бақыт, осы сезімдеріңіз арқылы баланың өз орнын таба білуге үйретесіздер.

4. Керемет көңіл-күйдің суретін саламыз.



Қатысушылар топтарға бөлініп, берілген ақ қағаздарға қалаған суреттерін ақылдаса отырып салады. Әр адамның өз ойы-пікірі болады. Біреу үшін жақсы көңіл-күй жарқырап тұрған күн шығар, біреуге өсіп тұрған гүл шығар, сол сияқты қатысушылар өз ойларын қағазға түсіреді. Салған суреттерін қорғайды. Қорғап болғаннан кейін «Көңілді күн» әнін айтып, билейді.

Қажетті заттар: қағаз, желім, түрлі-түсті қағаздар, түрлі-түсті қаламдар.

5. Тыныштық сәті. «Гүл бағына саяхат»

Мақсаты: Өзін бағалай білуге жетелеу, жаман ойлардан, реніштен арылу, жақсы ақуал қалыптастыру, көңіл-күйін көтеру.

Терең тыныс аламыз 1,2,3. Өзіңізді ыңғайлы,қалыпты ұстаңыз да көзіңізді жұмыңыз. Жылы толқын денелеріңізді босаңсытады. Естіген сөздеріңізді ойша елестетіп,естіп, сезінулеріңізді сұраймын.



Көз алдыңыз қараңғыланып кетті, қараңғылық ішінен әдемі өрнектері бар түрлі-түсті қақпа ашылды, ары қарай жүрдіңіз,сіз тамаша бақтың ішіндесіз. Алуан түрлі керемет раушан гүлдер тобы сізге қарап иіліп сәлем беріп тұр. Кенет гүлдер тез көбейе бастады. Жүздеген, мыңдаған, қызылды, жасылды гүлдер жер бетін жауып кетті. Самал жел таза ауа мен гүлдердің иісін жеткізді. Сізді жеңілдік пен қуаныш сезімі билейді. Сіздің көңіл-күйіңіз керемет. Сіздің жанұяда да, жұмыстарыңызда да бәрі жақсы. Өз- өзіңізге сеніңіз. Сіз өте кереметсіз,жігерлісіз,сұлусыз,талаптысыз.Қолыңыздан барлығы келеді. Барлығына жұпар иісіңізді шашып жүретін керемет гүлсіз. Жаймен көздеріңізді ашсаңыздар болады. (Көздерін жұмып тұрғанда балалар гүл алып алдарында тұрады.)

Қандай сезімде болдыңыз? Өзіңізді керемет жұпар иісті гүл ретінде сезіндіңіз бе?

6.Тренингті қорытындылау, бағалау.



Ж.Ж. Руссо: «Бала туылғанда ақ қағаздай болып таза туады, оның үстіне шимақты қалай салсаң, қағаз бетіне солай түседі, бала тәрбиесі де солай сияқты, өзің қалай тәрбиелесең, ол солай тәрбиеленеді» — деген екен. Ендеше, ата-аналар, қолымыздағы алтынымызды жақсылап тәрбиелейік және біздер оларға үлгі болар бейне екендігімізді ұмытпайық. Олай болса балаға әрдайым жылы сөздер айтып, дұрыс тәрбие беруге сіз болып, біз болып бірге атсалысайық.

Бұл тренингтен алған әсерлеріңізбен бөліссеңіздер болады. Өздеріңізге бүгінгі тренинг қалай өткенін білу үшін смайлик таңдап алсаңыздар. Тенингке өз уақыттарыңызды бөліп қатысқандарыңызға үлкен рахмет!

«Отбасым - бақыт мекенім» тренинг

Қызылорда қаласы,
«Алпамыс бөбекжай бақшасының
тәрбиешісі Туякбаева Калдан Орынбасаровна

Мақсаты: Бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру; бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы туған ұясы, өз отбасындағы ата - ана тәрбиесі, өнегесі және ата - ана баланың бас ұстазы екенін түсіндіру. Ата - аналардың өзара қарым - қатынасын жақсарту.

Тренингтің міндеттері:

Білімділік: Қатысушылардың өз ойларын ашық жеткізіп, бір-бірінің пікірін құрметтеуге, сеніммен қарауға бейімдеу.

Дамытушылық: Тұлғаның өзін ортада көрсете білуі, өзін бағалай алуға түрлі психологиялық жағдайлардан шығу және өз пікірін ашық айтуға ықпал жасау. бірлесіп жұмыс жасауға баулу, өзін еркін сезінуге көмектесу.

Тәрбиелік: жеке тұлғаның рухани өсуіне психологиялық жағдай жасай отырып, адамгершілік, сыйластық, әдептілік, шынайылық, адалдық, құндылықтарын ұғынуға көмектеседі.

Қатысушылар: Ата-аналар.

Барысы:

Қайырлы күн! Құрметті қонақтар, ата-аналар! Бүгінгі «Отбасым - бақыт мекенім» тақырыбындағы тренинг ойынына қош келдіңіздер!
Отбасы шағын мемлекет.

Тәрбие – отбасынан басталады, болашақ ұрпақтың еліне, жеріне Отанына деген сүйіспеншілігі алдымен ата-ананың ықпалымен қалыптасады. «Дәулет есіктен, ақыл бесіктен кіреді» демекші білім бесігі мектептен, тәрбие бесігі отбасынан бастау алады. Әрқайсымыз отбасымызбен бақыттымыз.

Құрметті ата-аналар, орнымызға жайғасу үшін бүгінгі көңіл күйлеріңіз қандай екенін көрсетіп жайғасыңыздар. Ол үшін қалаған суреттегі бейнені қайталайсыздар. Көңіл күйлеріңіз көтерілді ме? Олай болса таныс болайық жаттығуы.

1.«Таныс болайық!» жаттығуы

Мақсаты: Өзін таныстыру, ұжымға бейімделу, айналасындағылармен бірлесіп жұмыс жасауға оң бағытталу.

Сіздердің алдарыңызда сыйқырлы қорапша ішінде екі түрлі көңіл күйлер суреті бейнеленген қайсысы сізге ұнап тұр сол бойынша өзіңізді таныстырыңыз.

Жақсы бір-бірімізбен таныс болдық. Мен сіздерге қоржын таратып беремін, әр ойында, сұраққа жауап беру барысында асықпен бағалау арқылы қоржынға асық жинайсыздар, соңғы қорытынды бөлімде асық есебін шығарамыз.

2. «Сөзжұмбақ» Тігінен шығатын сөз(Отбасым) Жарық дүниеге көзіңді ашқан сәттен бастап айналып, толғанып, қорғап, қоршап, бауырына басатын ыстық ұя.

1.Үйіңізде отбасыңызды басқарып, қамқорлық көрсететін жан(отағасы)

2. Біз бақытты баламыз. Тату арамыз. (тәті)

3. Жұмбақ. Әрі төсек, әрі үй. Иесі оның сәби. (Бесік)

4.Әрбір жан үшін ең қымбат адам.... (Ана)

5.Ас үй ханшайымының жұмыс орны (Асхана)

6. Отбасының іргетасы берік болу үшін не қажет? (Ынтымақ)

7. “Анаңды ... үш рет арқалап барсаң да, парызыңды өтей алмайсың” (Меккеге)

3. «Суретті жалғастыр»

мақсаты: бір –бірімен байланысқа түсе білуге, өз ойларын ашық айтуға, қарым-қатынастарын жақсарту.

Ақ қағазға әркім өз ойымен отбасы жайлы сурет салады, бір бірінің суретін жалғастырып салады. Соңында суреттерін баяндап айтып береді.

4. «Не жасырынды табамыз» тренинг ойыны

Тақтада түрлі түсті шарлар ұяшықтары беріледі. Қалаған түсті таңдайды, таңдаған шарда не жасырылды видео, сұрақ, суреттердің жауабын табады.

1.Әли мен Айя өлеңі «Гүлдер» өленді жалғастыр.

2.Кімнің дауысы? Баланың сөзін тыңдап дауысынан тану.

3. «Күпия кітап» әнін қосып, әннің аты, авторы кім? Оразалы Мақсұтов.Сымбат Сағындық.

4. Әдепті бала ата – анасын мақтатар, мақалдың жалғасын тап?(әдепсіз бала ата –анасын қақсатар).

5.Балдан тәтті не? (бала)

Шаңырақ иесі кім? (кенже ұл)

Балаға кім сыншы? (ата-ана)

Үйдегі алтын қазық кім? (ана)

6.Отбасы жайлы өлең айтып бер.

Отбасы – таным бесігі,өркениет ошағы,үлгі — өнеге бастауы.Отбасы бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы.Ата – ана баламен бақытты.Ата-ана ұрпағымен мың жасайды.Сол сияқты баланың болашағына толғанар ел,ойланар отбасы қалыптасса елдің болшағы зор болмақ.

5.Қайрат Нұртас: «Жанұям» әнін бірге шырқауды ұсынамын.

6.Тренингті қорытындылау, бағалау.

Әр ойын барысында кім қанша асық жинады? Қоржыннан шығарып санаймыз. Отбасы, ұшқан ұя – жылылықтың, жылулықтың, мейірімнің, сүйіспеншіліктің мекені. Бір-бірімізге мына жүрекшені бере отырып .Тренингтен алған әсерлеріңізбен бөліссеңіздер болады. Өздеріңізге бүгінгі тренинг қалай өткенін білу үшін жүректен жүрекке жылы лебізімізді білдіреміз. Ж.Ж. Руссо: «Бала туылғанда ақ қағаздай болып таза



туады, оның үстіне шимақты қалай салсаң, қағаз бетіне солай түседі, бала

тәрбиесі де солай сияқты, өзін қалай тәрбиелесең, ол солай тәрбиеленеді» — деген екен.

Ендеше, ата-аналар, қолымыздағы алтынымызды жақсылап тәрбиелейік және біздер оларға үлгі болар бейне екендігімізді ұмытпайық.

Тренингке уақыттарыңызды бөліп қатысқандарыңызға үлкен рахмет! Мен сіздермен жұмыс жасағанымға өте қуаныштымын.

2- қосымша

«Менің отбасым» ток-шоу

Қызылорда қаласы,

«Алпамыс бөбекжай бақшасының

тәрбиешісі Төрехан Аида Әсілханқызы

Мақсаты: Бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру; бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы туған ұясы, өз отбасындағы ата - ана тәрбиесі, өнегесі және ата - ана баланың бас ұстазы екенін түсіндіру. Ата - аналардың өзара қарым - қатынасын жақсарту.

Тренингтің міндеттері:

Білімділік: Қатысушылардың өз ойларын ашық жеткізіп, бір-бірінің пікірін құрметтеуге, сеніммен қарауға бейімдеу.

Дамытушылық: Тұлғаның өзін ортада көрсете білуі, өзін бағалай алуға түрлі психологиялық жағдайлардан шығу және өз пікірін ашық айтуға ықпал жасау. бірлесіп жұмыс жасауға баулу, өзін еркін сезінуге көмектесу.

Тәрбиелік: жеке тұлғаның рухани өсуіне психологиялық жағдай жасай отырып, адамгершілік, сыйластық, әдептілік, шынайылық, адалдық, құндылықтарын ұғынуға көмектеседі.

Қатысушылар: Ата-аналар.

Барысы:

Қайырлы күн! Құрметті қонақтар, ата-аналар! Бүгінгі «Менің отбасым» тақырыбындағы ток шоуға қош келдіңіздер!

Отбасы шағын мемлекет.

Тәрбие – отбасынан басталады, болашақ ұрпақтың еліне, жеріне Отанына деген сүйіспеншілігі алдымен ата-ананың ықпалымен қалыптасады. «Дәулет есіктен, ақыл бесіктен кіреді» демекші білім бесігі мектептен, тәрбие бесігі отбасынан бастау алады. Әрқайсымыз отбасымызбен бақыттымыз.

Ток шоуымыздың кезеңдерімен таныс болыңыздар?

1. «Сәлемдесу !»

2. «Таныс болайық!»

3. «Ашық микрофон!»

4. «Тосын сый!»

5. «Суреттер сөйлейді!»

6. «Суретті жалғастыр!»

1. «Сәлемдесу !» кубик арқылы (кубикте берілген смайликтер арқылы сәлемдесу)



Құрметті ата-аналар, бүгінгі көңіл күйлеріңіз қандай екенін көрсетіп сәлемдесіп орнымызға жайғасыңыздар. Ол үшін сіздерге кубик беріледі. Сол кубикте бейнеленген смайликті қайталап сәлемдесесіздер. Көңіл күйлеріңіз көтерілді ме? Олай болса таныс болайық жаттығуы,

2.«Таныс болайық!» жаттығуы

Мақсаты: Өзін таныстыру, ұжымға бейімделу, айналасындағылармен бірлесіп жұмыс жасауға оң бағытталу.

Өздеріңіздің есімдеріңіздің бас әріпі арқыл өздеріңізді таныстыру.

Мысалы, Айда- айдай сұлу

Жақсы бір-бірімізбен таныс болдық.

3. «Ашық микрофон» (Сұрақ-жауап)

Отбасы – таным бесігі, өркениет ошағы, үлгі — өнеге бастауы. Отбасы бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Ата – ана баламен бақытты. Ата-ана ұрпағымен мың жасайды. Сол сияқты баланың болашағына толғанар ел, ойланар отбасы қалыптасса елдің болшағы зор болмақ.

Отбасы - Адам баласының алтын дiңгегi.

Ата-анаға көз қуаныш,

Алдына алған еркесі.

Көңіліне көп жұбаныш,

Гүлденіп ой-өлкесі, — деп Абай атамыз ата-ананың қуанышы, гүлденген үміт-арманы тек перзент сүю, оны тәрбиелеу екендігін айтқысы келген екен. Ендеше, ата-аналар, қолымыздағы алтынымызды жақсылап тәрбиелейік және біздер оларға үлгі болар бейне екендігімізді ұмытпайық. Адам да өсімдік сияқты, күтілмесе жайнап өспейді дейді. Сондықтан да мына жайттарды есімізде ұстайық. Балаға жан және дене өзгерістерінің байланыстарын табуға көмектесу. Балаға маман тарапынан тағылған мін, ескертулерді шын пейілмен түсіну және түсіндіру.

Олай болса мына қорапшаның ішінде сұрақтар берілген. Сол сұрақтарды ала отырып өз ойларыңызды білдірсеңіздер.

Ойын: «Тосын сый» (стакан, су, қағаз)

Қағазғаздың үстінде стаканда су болады. Қағазды тарту арқылы суды төкпей мәреге жету. Қағазды қай жерден жыртып алса сол жерде тұрған сыйлықты алады.

5.«Суреттер сөйлейді!» (суретте бейнеленген эмблемалар бойынша әуендерді табу.) Тақтада әр түрлі суреттер беріледі. Сол суреттер арқылы әуендердің жауабын табады.

6. «Суретті жалғастыр»

Мақсаты: бір –бірімен байланысқа түсе білуге, өз ойларын ашық айтуға , қарым-қатынастарын жақсарту.

Ақ қағазға әркім өз ойымен отбасы жайлы сурет салады, бір бірінің суретін жалғастырып салады. Соңында суреттерін баяндап айтып береді.



Отбасы, ұшқан ұя – жылылықтың, жылулықтың, мейірімнің, сүйіспеншіліктің мекені. Сіздерге мына жүрекшені бере отырып, ток шоудан алған әсерлеріңізбен бөліссеңіздер болады. Өздеріңізге бүгінгі ток шоу қалай өткенін білу үшін жүректен жүрекке жылы лебізімізді білдіреміз.

Ж.Ж. Руссо: «Бала туылғанда ақ қағаздай болып таза туады, оның үстіне шимақты қалай салсаң,

қағаз бетіне солай түседі, бала тәрбиесі де солай сияқты, өзің қалай тәрбиелесең, ол солай тәрбиеленеді» — деген екен. Ендеше, ата-аналар, қолымыздағы алтынымызды жақсылап тәрбиелейік және біздер оларға үлгі болар бейне екендігімізді ұмытпайық.

«Менің отбасым» атты ток шоуымызға уақыттарыңызды бөліп қатысқандарыңызға үлкен рахмет! Мен сіздермен жұмыс жасағанымға өте қуаныштымын.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2007 жыл 27 шілде № 319-III, өзгерістермен 26.02.2023. – 2023г. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319>
2. «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі» ҚР Үкіметінің қаулысы 2021 ж. 15 наурыз № 137. – 2021. – (<https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000137>).
3. Гуманитарная сфера и права человека: Конвенция о правах ребенка 1989 г. (принята Генеральной Ассамблеей ООН 20.11.1989 г., ратифицирована третьей сессией Верховного Совета СССР 13.06.1990 г. – М., 1992. – С. 98-112.
4. Зверева О. Вовлечение родителей в образовательный процесс ДОО как составляющая взаимодействия с семьей // Дошкольное воспитание. – 2016. – №5. – С. 70-75.
5. Леонтьев, А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М.: Смысл, Academia, 2005. – 352 с.
6. Сухомлинский В.А. Сердце отдаю детям. – М.,1989. – 153 с.
7. Исаева Ж.К. Общая теория диалога: Монография. - Павлодар: ПГПИ, 2012. - 155 с.
8. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР ОАМ 14.10.2022 ж. №422 бұйрығы)
10. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына нұсқаулық, – Астана, 2022 - 258 бет,
http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/2022/12/rukovodstvo_kz_131222.pdf
11. ӘНХ, Балаларды ерте дамыту институтының сайты, http://irrd.kz/page/read/Instruktivnometodicheskoe_pismo.html

МАЗМҰНЫ

1	Түсіндірме жазба	3
2	Кіріспе	4
3	Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиелеу - білім беру процесіне ата-аналарды тартудың теориялық негіздері	5
4	Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиелеу-білім беру процесінде педагогтер мен ата-аналардың өзара әрекетінің тәжірибесі	9
5	Қорытынды	11
6	1-қосымша	12
7	2-қосымша	15
8	Қолданылған әдебиеттер тізімі	21

Методические рекомендации «Вовлечение родителей в воспитательно-образовательный процесс организаций дошкольного образования»: Методические рекомендации. – Астана, 2023. – 50 стр.

Рецензенты:

Жиенбаева С.Н. д.п.н., профессор;

Каракулова К.К., заведующая;

Сейтжаппарова А.М. методист.

В Методических рекомендациях представлены рекомендации по вовлечению родителей в воспитательно-образовательный процесс дошкольных организаций.

Данные Методические рекомендации рекомендованы педагогам дошкольных организаций.

Методические рекомендации рассмотрены и рекомендованы Научно-методическим советом Института раннего развития детей МОН РК (протокол № 3 от 29 марта 2023 года).

Институт раннего развития детей, 2023 год

ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА

Привлечение родителей в воспитательно-образовательный процесс дошкольной организации является необходимой деятельностью в осуществлении воспитательного процесса.

На современном этапе особое внимание уделяется взаимодействию, сотрудничеству с семьями воспитанников, вовлечению их в воспитательно-образовательный процесс дошкольной организации.

На протяжении многих лет не уделялось особого внимания взаимоотношениям дошкольных организаций с семьей, вовлечению родителей в воспитательно-образовательный процесс, все вопросы по воспитанию, обучению и развитию детей решались самими дошкольными организациями. Данный принцип был изменен реформой в сфере дошкольного образования. В частности, это указывается в Законе РК «Об образовании» [1], Модели развития дошкольного воспитания и обучения в РК [2].

Расширились формы сотрудничества с родителями по воспитанию и обучению детей дошкольного возраста, изменилось отношение к семье со стороны государства и общества, изменилось содержание и форма взаимодействия, были использованы различные термины.

В Модели развития дошкольного воспитания и обучения вводится понятие «целостное развитие ребенка» и дается объяснение данному термину – «... физическое, психологическое, социальное, эмоциональное здоровье и безопасность ребенка, обеспечиваемые через создание условий для двигательной активности, полезного и полноценного питания, доброжелательных отношений и организацию развивающей среды» [2, с. 2].

Дошкольная организация является первым социальным институтом, первый воспитательной организацией, с которым родители вступают в контакт, где начинается их педагогическое просвещение и образование.

В методических рекомендациях рассматриваются теоретические основы вовлечения родителей в воспитательно-образовательный процесс дошкольной организации, а также практика взаимодействия родителей с детским садом.

Данный материал является инструментом и методическими рекомендациями для педагогов дошкольных организаций по вовлечению родителей в воспитательно-образовательный процесс организаций дошкольного образования.

ВВЕДЕНИЕ

В современном обществе семья и дошкольная организация имеют свои специфические функции и не могут быть взаимозаменяемыми. Родители-первые воспитатели. Они должны составлять основу нравственного, физического и интеллектуального развития личности ребенка в детстве. То есть для полноценного, личностного развития дошкольника необходима постоянная совместная деятельность со взрослым, что возможно только при участии семьи в его образовании. Семья становится субъектом, имеющим индивидуальное отношение к воспитательной и образовательной деятельности, занимающим определенное место в этой деятельности.

Одним из основных способов сотрудничества педагогов и родителей является организация совместной деятельности, при осуществлении которой родители участвуют в деятельности дошкольной организации и могут стать активными участниками образовательного процесса.

Участие в рамках взаимодействия является признаком достижения удовлетворенности субъектов взаимодействия совместной деятельностью, которая характеризуется согласованностью целей, распределением ролей и функций между участниками взаимодействия [3].

Инициатором взаимодействия дошкольной организации и семьи должно стать руководство и педагогический коллектив детского сада, для чего необходимо овладеть психолого-педагогическими технологиями для построения системы общения в системе «педагог – ребенок – родитель» [4].

Актуальность методических рекомендаций «Вовлечение родителей в воспитательно-образовательный процесс организаций дошкольного образования» обусловлена также тем, что «... воспитание и развитие начинается с самого раннего детства, что подтверждается научными выводами. При этом в воспитании детей большое значение должно иметь благополучная обстановка в семье, моральные качества родителей. Поэтому необходимо объединение усилий семьи и дошкольной организации для развития и воспитания детей» [2, с. 7].

Целью методических рекомендаций является оказание методической помощи педагогам по повышению заинтересованности и вовлеченности родителей в процесс развития ребенка.

Задачи: раскрыть основные подходы по вовлечению родителей в воспитательно-образовательный процесс организаций дошкольного образования; определить возможности участия родителей в воспитательно-образовательном процессе детских садов; описать направления и формы вовлечения родителей в воспитательно-образовательный процесс организаций дошкольного образования.

Такое направление работы во взаимодействии с семьей, как вовлечение родителей в воспитательно-образовательный процесс организации дошкольного образования требует особой подготовленности со стороны коллектива организации дошкольного образования, а также желания родителей учиться вместе со своими детьми у педагогов и учить своих детей вместе с педагогами.

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ВОВЛЕЧЕНИЯ РОДИТЕЛЕЙ В ВОСПИТАТЕЛЬНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ПРОЦЕСС ОРГАНИЗАЦИЙ ДОШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Семья с дошкольной организацией-два важных института социализации ребенка в раннем возрасте. Их воспитательные функции разнообразны, но их взаимодействие очень важно, для всестороннего развития ребенка.

Для ребенка предпочтение отдается семейному воспитанию, но родители не всегда поступают правильно, поэтому необходимо участие родителей в деятельности дошкольных организаций.

В детском саду необходимо создать условия, позволяющие родителям быть активными участниками образовательного процесса.

В результате взаимодействия родителей и педагогов возникают определенные отношения, которые являются внутренней индивидуальной основой взаимодействия. При согласовании целей, интересов, взаимном восприятии поведения субъектов взаимодействия наблюдается их активное участие в совместной образовательной деятельности.

Понятие вовлеченности трактуется по-разному, но при этом наблюдается общая закономерность, проявляющаяся в присутствии таких показателей: индивидуальный выбор субъектов взаимодействия (П. Л. Ландсберг), высокая мотивация к деятельности (А. Н. Леонтьев), творческий подход к деятельности (Н.А. Бердяев) [5].

Участие родителей в совместной деятельности и воспитательно-образовательном процессе с педагогами детского сада – лучший уровень взаимодействия по воспитанию и обучению детей.

Развивались идеи взаимодействия семейного и общественного воспитания в своих работах В. А. Сухомлинского. Он писал: «дошкольник почти полностью идентифицирует себя со своей семьей, раскрывая и подтверждая себя и других людей в основном через суждения, оценки и действия своих родителей. Поэтому задачи воспитания могут быть успешно решены, если дошкольная организация поддерживает связь с семьей, если между воспитателями и родителями устанавливаются доверительные и кооперативные отношения» [6, с. 211].

В процессе взаимодействия между участниками воспитательного процесса (педагогами, родителями) возникают различные связи с их характеристиками (как показано в таблице 1):

- информационные;
- организационно-деятельностная;
- коммуникативные;
- управление и самоуправление

Таблица 1 – Связи между участниками воспитательно-образовательного процесса

№	Виды связей	Характеристика связей
1	Информационные	<p><i>Информационные связи</i> характеризуются обменом информацией между родителями и педагогом.</p> <p>Со стороны педагога может транслироваться информация для родителей о положительных или отрицательных качествах ребенка, проявляющихся при общении со сверстниками в повседневном общении, о чем родители не всегда знают.</p> <p>Педагог может предоставить информацию родителям касательно образования и воспитания ребенка, которые могут оказаться полезными и интересными для них.</p> <p>Родители со своей стороны могут ознакомить воспитателя с традициями, достижениями или проблемами семьи в воспитании ребенка.</p> <p>Доверительность диалога будет достигнута только после установления информационного потока со стороны педагога. На этапе ответной информации от родителей воспитателю необходимо поддерживать взаимоотношения с родителями, оставив активную роль родителям.</p> <p>После обмена информацией педагог и родители могут совместно изучить личность ребенка, приступить к формированию общей программы воспитания в конкретном детском саду.</p>
